

8D011 Педагогика және психология бағыты (6D010300 - Педагогика және психология мамандығыбайынша) PhD философия докторы дәрежесін алу үшін С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеттің докторантты А.К.Махадиеваның «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женуді психологиялық-педагогикалық сұйемелдеу» диссертациялық жұмысына ресми рецензент психология ғылымдарының кандидаты Турдалиева Шолпан Турсумбаевнаның

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыптың өзектілігі мен жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдармалармен (практиканың және ғылыми мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Мұмкіндігі шектеулі бала көптеген жағдайлардың жиынтығымен анықталады. Бұл - әр балаға оның өмірінің осы кезеңде қойылатын талаптар жүйесі, айналасындағылармен қарым-қатынастарының мәнісі, ол игеретін білім мен іс-әрекеттер типі, ең бастысы ата-анасының мейірімі мен қамқорлығы.

Әрбір ерекше балаға тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасты, еркі өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті, білімі мен тәрбиесі бар екенін ескере отырып, қарым-қатынасқа деген ынтасын арттыру – олардың жеке басылық қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға мүмкіндік жасау болып табылады. Дамудың әлеуметтік жағдайы кездесіп күрілмайды, бала және оның айналасындағылар арасындағы жанды өзара әрекеттестік процесінде жасалады. Демек, ерекше баланы оқыту мен тәрбиелеу оның психикасы мен жеке дара ерекшеліктерін дамыту, қоғамдық ортада әлеуметтенуіне колдана көрсетіледі. Ал, ерекше бала ушін, оның ата-анасының жағымды мінез-құлыш әрекшеліктерінің қалыптасуы түрткі болады. Осыған сәйкес А.К.Махадиева «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женуді психологиялық-педагогикалық сұйемелдеу» атты ғылыми-зерттеу жұмысында осы мәселелерді терен карастырады. Бұл тақырыпқа байланысты мәліметтер ғылыми тұргыдан зерттеуді қажет ететін, әрі қазіргі таңда өзектілігі жоғары сұраныска ие мәселе. Автордың педагогикалық, психологиялық еңбектерге жасаған талдауларының тұжырымдары және зерттеуде колданған әдістері зерттеудің ғылыми сапасын жоғарлатумен түсіндіріледі, зерттеу тақырыбы білім жүйесінің практикалық сұраныстарын камтиды.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен және ғылыми, мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты екендігі сөзсіз.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

А.К.Махадиева аутист балаларды тәрбиелеп отырган отбасыларында туындастын стресс, оның салдары мен қолданылатын копинг стратегиялары диссертациялық зерттеуін жүргізу барысында ғылыми теориялық және

эксперименттік нәтижелерге қол жеткізді. Бұл нәтижелер диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді:

– ата-ана мен аутист бала қарым-қатынасының теориялық негіздері мен психологиялық-педагогикалық аспектілері сараланып, «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесі» ұғымы анықталды;

– «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесінің іске асырылуындағы амалдары айқындалды;

– «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресс және оның салдары жіктелініп, ата-аналардың колданатын копинг стратегиялары сараланды;

– «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женудің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделі құрастырылды;

– колданылған диагностикалық құралдар мен критерийлерді жүйелеу негізінде өткізілген эксперимент нәтижелерін талдау арқылы, «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женудің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделінің тиімділігі дәлелденіп, оны пайдалануға қатысты ұсыныстар берілді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдарымен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

«Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді зерттеу барысында әрбір алғынған негізгі нәтижелерінің, тұжырымдардың және қорытындыларының негізделгені сөзсіз.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі және негізділігі автордың педагогикалық-психологиялық зерттеуінің негізділігімен, диссертация тақырыбы бойынша педагогикалық-психологиялық және әдістемелік әдебиеттерінің талдауымен, зерттеу тақырыбына сәйкес және өзара байланыстағы теориялық және әмпирикалық әдістердің нақты қолданылуымен, эксперимент бағдарламасының педагогикалық мақсатқа сәйкестігімен, олардың тиімділігін эксперимент жүзінде бастапқы және соңғы нәтижелердің қорытындылануымен қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда – 3 макала (Павлодар қ., Астана қ., Алматы қ.), Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда – 3 макала (ПМУ Хабаршысы, «Педагогика» сериясы; ЕҮУ Хабаршысы «Педагогика» сериясы, ЕАГИ Хабаршысы «Педагогика және Психология» сериясы), шетелдік халықаралық-ғылыми практикалық конференцияда - 1 макала (Могилиев, Белорусь), ISI Web of Science, Scopus компанияларының акпараттық базалар деректері бойынша нөлдік емес импакт-

факторға ие деректер базасына 2 мақала жарық көрген. 1 әдістемелік құрал жарияланған.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Ғылыми зерттеу жұмысы барысында А.К. Махадиева төмендегідей жана, әрі дәйекті ғылыми нәтижелер алған:

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа болып есептеледі, өйткені «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесі» ұғымын анықтау үшіната-ана мен аутист бала қарым-қатынас жүйесінің теориялық негіздері мен психологиялық-педагогикалық аспектілері сараланған.

Екінші ғылыми нәтиженің жаңалығы - «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесінің іске асрылуындағы: Ерте араласудың «Денверлік» моделі, «Колданбалы міnez-құлық талдамасы» (ABA), «Сөйлеу машықтары мен оқыту машықтарын бағалау» (ABLLS-R) және Jasper сияқты амалдары анықталған.

Үшінші ғылыми нәтиженің жаңалығы - «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі пайда болатын стресс және пайда болуының салдары, стрессті жену үшін ата-аналардың колданылатын копинг стратегиялары қарастырылған.

Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалығы - «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женудің психологиялық-педагогикалық моделі құрастырылған. «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женудің психологиялық-педагогикалық моделі келесідей бағыттардан тұрады: диагностика, кенес беру, психологиялық-педагогикалық түзету, ата-анамен ағартушылық жұмыс.

Бесінші ғылыми нәтиженің жаңалығы - колданылған диагностикалық құралдар мен критерийлерді жүйелеу негізінде өткізілген эксперимент нәтижелерін талдау арқылы, «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женудің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделінің тиімділігі дәлелденіп, оны пайдалануға қатысты ұсыныстар берілген.

Докторант А.К.Махадиева зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері ғылыми аппаратпен, диссертация құрылымымен, зерттеу кезеңдерінің тізбектілігімен, ішкі бірлігімен, логикалық бірізділігімен сипатталады.

5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы

Диссертация нәтижелерінің ішкі тұтастылығы кіріспедегі ғылыми аппаратында, ұш бөлімінде және тұжырымдарында көрініс тапқан, зерттеу материалдыарының тұтастылығымен, логикалық бірізділігімен және жұмыстың аяқталғандығымен қаматасыз етілген.

Зерттеудің бірінші бөлімінде «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесінің әдіснамалық негіздері, психологиялық-педагогикалық аспектілері теориялық талдаумен анықталған. Екінші бөлімде «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресс және коппинг стратегия жалпы концепсиялар, қазіргі даму жағдайы қарастырылған, стресті женуді

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделі ұсынылған. Ұшінші бөлімде «Ата-ана мен аутист бала» қарым-катаңас жүйесіндегі стресті женуді эксперименттік зерттеутәжірибесінен алынған нәтижелермен дәлелденгендігімен сипатталады.

Зерттеу жұмысының бөлімдері және тараулары өзара бірізді байланыстылығымен бірін-бірі толықтырады. Сондықтан, бұл зерттеуде ішкі тұтастылығы сақталынған, аяқталған жұмыс деп бағалауға болады.

6. Іздеушінің алынған нәтижелерінің тиесті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық зерттеуде психология мен педагогика ғылымындағы аутист баланың психологиялық ерекшеліктері және ата-аналарға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселесіне байланысты теориялық сипаттамалармен толықтырады. Ізденушінің зерттеу нәтижелерінің өзектілігі қазіргі таңда аутистік спектр бұзылысы бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселесінің теориялық және қолданбалы міндеттерін шешуге бағытталған.

Диссертация нәтижелері зерттеудің теориялық маңыздылығымен және практикалық мәнділігімен сипатталады. Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен корытындылары, ғылыми-әдістемелік ұсыныстары бүгінгі таңда педагогика мен психологияның практикасында аутист баласы бар ата-аналарға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен ата-аналардың стресті женуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру үшін арнайы әдістемелік құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен корытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда 3 макала, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 4 макала, оның ішінде шетелдік халықаралық-ғылыми практикалық конференцияда 1 макала, ISI Web of Science, Scopus компанияларының акпараттық базалар деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие деректер базасына 2 макала жарық көрген. Ғылыми базалымдар мазмұны жағынан диссертацияның негізгі мазмұнын, нәтижелерін қамтыған.

8. Диссертация мазмұндағы және рәсімделуіндеңі кемшіліктер.

А.К.Махадиеваның диссертациялық жұмысында кездесетін кейбір кемшіліктерді ескертуді үйргарды.

1. Зерттеуде отбасы тәрбиесінде ұлттық салт-дәстүр ерекшеліктер мен тәрибенің дәстүрлі әдістері туралы тұжырымдар берілген. Бірақ бұл тұжырымдар ата-аналарға аутист балаларды тәрбиелеу үдерісінде, ағартушылық

іс-шараларда, ата-аналарға арналған әдебиеттер тізімін және әдістемелік ұсыныстарда қарастырылмаған

2. Экспериментте толық және толық емес отбасылардың арасындағы стресстің туындауының ерекшеліктері мен колданылатын копинг стратегияларының аспектілері көрсетілмеген.

3. Диссертацияның мәтінінде стилистикалық және орфографиялық кателер кездеседі.

Бұл көрсетілген кемшіліктер зерттеу жұмысының жалпы мазмұны мен құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру жөніндегі Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Аталған кемшіліктер А.К. Махадиеваның 8D011 Педагогика және психология бағыты (6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стрестің женеудің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» атты диссертациялық жұмысының ғылыми мазмұнын, көкейкестілігін төмендетпейді. Автор алдына қойған міндеттерінің шешімін толық таба білген. Ізденуші диссертация жұмысының ғылым мен тәжірибе талабына сай келуімен бағаланады.

8D011 Педагогика және психология бағыты (6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша) PhD докторанты Махадиева Асель Каратаевнаның «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стрестің женеудің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» тақырыбындағы диссертациясы 8D011 Педагогика және психология бағыты (6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша) PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмыстардың ғылым және практикалық талабына сай келетін, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәнділігі жағынан казіргі заман талаптарына жаусап бере алатын және осы сала бойынша ғылымды дамытуға қомакты үлес косатын еңбек болып табылады. Жоғарыда айтылғандар негізінде, ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндігін толығымен қанағаттандырып, ал Махадиева Асель Каратаевна 8D011 Педагогика және психология бағыты (6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша) PhD ғылыми дәрежесін алуға лайық деп корытынды жасауға мүмкіндік береді.

**Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
«Арнайы педагогика» кафедрасының доценті
психология ғылымдарының кандидаты**

ТАРЫГУ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ҚАДРЛАР ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖОМЫСТАР БАСҚАРМАСЫ

(Фото)

«19 11 2019ж.



Ш.Т.Турдалиева